

Педкеңесте қаралды :
29.08.2025 жыл

Бекітілді: Алаев
«Балапан» балабақшасы
менгеруші м.а.
М.А.Абдуллаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына «Айналайын» ортаңғы тобына арналып
ұйымдастырылған музыка іс-әрекеттің перспективалық жоспары.

Музыка жетекшісі: Балтабаева Т.Е.

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

МКҚК «Балапан» Балабақшасы «Айналайын» ортаңғы тобы (3 жастан бастап)
Музыка жетекшісі: Балтабаева Таңшолпан Елтайқызы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Мақсаты: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар ән, би, маршпен таныстыру. Міндеті: Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Ән айту: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.
Қазан	Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.
Қараша	Мақсаты: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Міндеті: Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады; бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка тыңдау: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады. Ән айту: Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.

Желтоқсан	Мақсаты: Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу; Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
Қаңтар	Мақсаты: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Міндеті: Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады; бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
Ақпан	Мақсаты: Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Міндеті: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әнайту: Ойындарға, хор айтуға қатысу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Наурыз	Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; Міндеті: Ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету. Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ән айту: Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
Сәуір	Мақсаты: Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге, хормен ән айтуға дағдыландыру; Міндеті: музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету. Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Ән айту: дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
Мамыр	Мақсаты: Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға, әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте отырып мәнерлі билеуге дағдыландыру. Міндеті: Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.